

Түрік бітіктеу

Құрастырған: Гүлзада Сержан

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақ тілінің тарихи-мәдени қоры

<http://irq.kaznu.kz>

Алматы, 2009.

Мазмұны

Microsoft Windows жүйесінде Түрік бітіктеу	3
Түрік бітіктеу құралдары	3
MultiKey.exe бағдарламасын орнату	4
Turik.ttf шрифтін орнату	6
MultiKey бағдарламасын іске қосу	8
Microsoft Word бағдарламасында түрік бітіктеу мысалы.....	9
Қолданылған деректер:.....	13

Microsoft Windows жүйесінде Түрік бітіктеу

Түрік бітіктеу құралдары

Бірінші керекті файлдарды көшіріп алыңыз.

1) **MultiKey.exe** бағдарламасын мына жердің бірінен алуға болады:

- Осы көмектің қасындағы MultiKey.exe немесе,
- <http://www.oeaw.ac.at/kal/multikey/> немесе,
- <http://irq.kaznpu.kz/fonts/TBMultiKey.zip> ішінен.

2) **Turik.ttf** шрифтін мына жердің бірінен алыңыз:

- Осы көмектің қасындағы Turik.ttf немесе,
- <http://irq.kaznpu.kz/fonts/Turik.ttf> немесе,
- <http://irq.kaznpu.kz/fonts/TBMultiKey.zip> ішінен.

3) **MultiKey.ini** файлын мына жердің бірінен алыңыз:

- Осы көмектің қасындағы MultiKey.ini немесе,
- <http://irq.kaznpu.kz/fonts/TBMultiKey.zip> ішінен.


Осы файлдарды тауып алғаннан кейін оларды бірінен соң бірін орнатыңыз. Нәтижесі ойдағыдай болу үшін осы көмекте айтылған жолдарды бұлжытпай орындап шығыңыз.

Алдымен **MultiKey.exe** бағдарламасын орнатыңыз. Одан кейін **Turik.ttf** шрифтін жүйеңізге қосыңыз. Ең соңында **MultiKey.ini** файлын орнына көшіріп қойыңыз.

Бұл айтылған әрекеттерді жасау үшін келесі бөлімдерді оқыңыз.

MultiKey.exe бағдарламасын орнату


Бұл бағдарламаны орнату өте оңай. Көшіріп алған MultiKey.exe үстін екі рет басып іске қосыңыз.




Сурет 1. MultiKey.exe бағдарламасын орнатуды бастау.

Windows жүйесінің қауіпсіздік қызметі бағдарламаны қосуға рұқсат сұрайды.


Сол кезде Выполнить деп рұқсат беріңіз.




Сурет 2. Қауіпсіздік қызметінің ескертуі.




Сурет 3. Рұқсат бергесін MultiKey орнату осылай басталады.



Сурет 4. MultiKey бағдарламасын орнататын жер таңдау. Бұл жерде Next дегенді басыңыз.




Сурет 5. Пуск мәзіріне MultiKey жолын қосу туралы хабар. Бұл жерде де Next деп баса салыңыз.



Сурет 6. MltKey97.dot көшіре алмадым деген хабар шығуы мүмкін. OK дегенді басыңыз. Бұл бізге кедергі келтірмейді.


Осы қадамдарды өткесін Жүйеңізге MultiKey бағдарламасы орнайды. Келесі суреттегі Finish дегенді басып орнатуды бітіріңіз.



Сурет 7. Орнатуды аяқтау.


Turik.ttf шрифтін орнату

Windows операциялық жүйесі тұрған папкадағы (әдетте, C:\Windows деген жерде болады) Fonts папкасын ашыңыз.




Сурет 8. Шрифт орнататын папка.

Папканың жоғары жағындағы
Файл -> Установить шрифт...
деген мәзірін таңдаңыз.



Сурет 9. Шрифт орнатуды бастау.


Папки деген тұсқа Turik.ttf шрифтін көшіріп алған жеріңізді көрсетіңіз. Сол кезде Список шрифтов деген тізімде Turik (TrueType) деген шрифт көрінеді. Соның үстін басып таңдау керек. Сосын ОК басып шрифті жүйеңізге тіркеңіз.



Сурет 10. Шрифті қосу.


MultiKey.ini файлын жүйеге көшіру

MultiKey.ini файлын жүйеңіздің папкасына (C:\Windows) көшіру керек.



Сурет 11. MultiKey.ini файлын көшіру.

Жүйеңізге MultiKey бағдарламасы орнатылып тұрғандықтан C:\Windows\MultiKey.ini файл бар болуы керек. «Сондай файл бар, үстін бастырайын ба?» деген хабар шығады. Соған «Ия» деп жауап беру керек.




Сурет 12. Үстін бастыру.

Құттықтаймыз! Сіздің компьютер түрік бітіктеуге дайын.


MultiKey бағдарламасын іске қосу

Жұмысты MultiKey бағдарламасын іске қосудан бастаңыз.




Сурет 13. Пуск - Программы мәзірінен MultiKey-ді тауып іске қосыңыз.

Жұмыс үстелінің астында MultiKey — Latin Unicode деген жолақ шығады.



Сол жолақтың үстін тышқанның оң құлағымен бассаңыз, төмендегі суреттегідей мәзір шығады.




Сурет 14. MultiKey бағдарламасының мәзірі. Тышқанның оң құлағын басқанда шығады.

Осы мәзірдің ең төменгі Notification area деген жолын таңдаңыз. Сол кезде бағдарламаның белгісі жұмыс үстелдің оң жақ төменгі бұрышына көшеді.




Microsoft Word бағдарламасында түрік бітіктеу мысалы



Сурет 15. Мәтінді оң жақтан бастау.

Түрік бітік оңнан солға жазылатын болғандықтан, алдымен мәтінді оң жақтан басталатындай етіп аламыз. (Бұлай істемесеңіз де жазу оңнан солға жүреді).




Сурет 16. Түрік бітік шрифті таңдау.

Шрифттердің тізімінен Түрік бітік шрифті таңдаймыз.

Түрік бітік шрифті тек латын әріптерімен жазылады. Сондықтан, клавиатураны латын әріптеріне (ағылшыншаға) көшіріңіз.


Төмендегі MultiKey белгісінің үстің тышқанның оң құлағын басып, сонда шыққан мәзірден Right to left input -> TurikBitik деген жолды таңдаңыз. Сосын Microsoft Word бағдарламасының бетіне қайта келіп курсорды тышқанмен басып қойыңыз. Осылай істемесеңіз жазуыңыз бетке түспей тұра береді. Өйткені, сіздің курсорыңыз MultiKey бағдарламасында тұрады. Microsoft Word бағдарламасының бетіне қайта келіп, курсордың үстіне басқанда ғана ол іске қосылады.

Ескерту: Түрік бітіктеу үшін клавиатураны кириллицадан латын әріпіне көшіруді ұмытпаңыз.




Сурет 17. Түрік бітік жазуын қосу.

Енді сіз түрік бітіктеуге дайынсыз.



Сурет 18. Түрік бітік теру.

Қазіргі мәтін мен түрік бітікті араластырып жазу үшін MultiKey бағдарламасының жұмысын уақытша тоқтата тұру керек. Ол үшін белгішенің үстін тышқанның оң құлағымен басып, мәзірдің ең жоғарысындағы Disabled жолағын таңдаңыз.




Сурет 19. MultiKey-ді уақытша доғару.

Мысалы, сіз ғылыми мақала жазып отырғанда кейбір сөздерді түрік бітіктеуіңіз мүмкін. Сол кезде, ол шамамен былай **ҒҺІҖ : АҢҢһ** көрінуі керек. Бұл мәтінді жазғанда латын әріпінен кириллицаға немесе керісінше көшу, MultiKey бағдарламасын қосу немесе доғару әрекеттерін жасап отырасыз.

Түрік бітік шрифті көрінбей қалған кезде латынша әріптердің үстін бояп Түрік бітік шрифтің таңдаңыз.

Әрине, сәл ыңғайсыздық бар, бірақ қорытындыда **ҖХҢҢ** ғылыми мақалаңыздың құндылығы артады.

Бірақ мақалаңызды жариялауға бергенде Turik.ttf шрифтімен бірге беріп отырасыз.



Сурет 20. Түрік бітіктеудің мысалы.

Түрік бітікті енді тек Microsoft Word редакторында ғана емес, басқа кез-келген мәтін теруге болатын бағдарламада қолдана беруіңізге болады. Мысалы келесі суретте кәдімгі бланкотта терілген мәтінді қараңыз.

Қолданылған деректер

1. MultiKey. Version 5.00. Copyright © Stefan Hagel, Vienna, 1996-2009.
<http://www.oeaw.ac.at/kal/multikey/>
2. MultiKey. Version 5.00. Manual.
3. <http://irq.kaznpu.kz> Түрік бітік тарихи-мәдени қоры.